

"Субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша 2018 жылға квоталарды айқындау туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 19 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 тамыздағы № 241 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 тамызда № 5673 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1-бабының 12) тармақшасына, "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 10190) бұйрығына, "Тұқым шаруашылығының аттестатталған субъектілері үшін субсидиялауға жататын бірегей тұқымдарды өндіруге және элиталық тұқымдарды өткізуге жыл сайын квота белгілеудің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 4-2/1048 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 13052) бұйрығына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша 2018 жылға квоталарды айқындау туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 19 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 5484, 2018 жылғы 26 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде, 2018 жылғы 27 ақпандағы "Дидар", 2018 жылғы 27 ақпандағы "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулыға 2 қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Облыс әкімінің аппараты, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдауды;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2018 жылғы "14" тамыздағы
№ 241 қаулысына
қосымша
Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2018 жылғы 5 ақпандағы
№ 19 қаулысына
2 қосымша

Элиталық тұқымдар бойынша – әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін 2018 жылға арналған квоталар

Тонна

Қала/аудан атаулары	Бидай	Арпа	Сұлы	Қара бидай	Қарақұмық	Дәнді бұршақты дақылдар	Тары	Тритикале
Аягөз	110	80						
Бесқарағай	70	35	15					
Бородулиха	600	150	10	150	50	5		10
Глубокое	6679,5	236,4	57		581,7	200	22	
Жарма	240	211			5			90
Зайсан	61	9					10	
Зырян	610	80	60		25	30		
Катонқарағай	250	50	60		25			
Көкпекті	500	40	10		15		1,5	
Күршім	10	10	5					
Тарбағатай	150	150						
Ұлан	1450	150	150		30	20	15	
Үржар	450	250	100	150				

Шемонаиха	550	65	45		25			
Семей қаласы		51,6	41				3,5	

кестенің жалғасы

Қала/аудан атаулары	Рапс	Күнбағыс	Қытайбұршақ	Зығыр	Сафлор	Көпжылдық шөптер	Біржылдық шөптер	Картоп
Аягөз					20			
Бескарағай		35				10	15	200
Бородулиха	5	200	0,5	0,5		5	20	150
Глубокое	100	696,25	50	50		54	50	100
Жарма		46	8			32	22	50
Зайсан		5	110			10		19
Зырян	50	50				15		30
Катонқарағай		20				1		
Көкпекті		30	4			4	5	
Күршім		5	3			1		20
Тарбағатай		25	200		1	20		500
Ұлан	20	300	30	30		80	100	50
Үржар		250	100		70	40	10	250
Шемонаиха	12	18	5					80
Семей қаласы		2	7,4			30	25	232

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК